

Қаржыландыру көзі	2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру (Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі)
Басым бағыттар	Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер
Мамандандырылған ғылыми бағыттар	Әлеуметтік жаңғыртудың өзекті мәселелері: демография, көші-қон, өмір сапасы және адами ресурстар, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
Жобаның сәйкестендіру тіркеу нөмірі:	AP19676100.
Жобаның атауы:	Халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмысқа орналастыру әдістемесін әзірлеу және сынақтан өткізу»
Жоба жетекшісі	Окутаева Сауле Толегеновна, PhD, қауымдастырылған профессор
Іске асыру мерзімдері	2023-2025 жж.
Өзектілігі	Зерттеу тақырыбының өзектілігі халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамту, оның еңбек әлеуетін дамыту және қоғамға әлеуметтік интеграция үшін жағдай жасау қажеттілігімен анықталады. Жұмысқа орналасу және адамдардың әлеуметтік осал санатымен тікелей жұмыс істеу процесінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну қажет. Авторлар ұжымы әлеуметтік осал топтардың мәселелерін олардың осалдығы объективі арқылы емес, еңбек нарығының объективі және оларды кәсіпорындарда функционалды пайдалану арқылы қарастыруды ұсынады. Бүгінгі таңда Қазақстанда осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу бойынша бірыңғай пысықталған әдістеме жоқ. Осыған байланысты халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмысқа орналастырудың ғылыми негізделген әдістемесін құру және оны Қазақстанда сынақтан өткізу маңызды мәнге ие болып отыр.
Мақсаты	Халықтың әлеуметтік осал санаттарын жұмысқа орналастыру әдістемесін әзірлеу және сынақтан өткізу
Күтілетін нәтиже	2023 жыл: халықтың әлеуметтік осал санатындағы еңбек нарығының теориялық аспектілері зерделенеді, осы санаттағы жұмысқа орналастыру әдістемелерінің әлемдік тәжірибелері зерделенеді. 2024 жыл: жұмыс берушілер мен қызметкерлер тарапынан әлеуметтік осал санатты жұмысқа орналастыру кезінде еңбек нарығының жай-күйіне және бар проблемаларға талдау жүргізілді 025 жыл: қазақстандық тәжірибеге бейімделген халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмысқа орналастыру әдістемесі әзірленді және сыналды.
Алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары	Қазақстан Республикасының әлеуметтік кәсіпкерлері, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік органдар, "Атамекен" ҰКП, елдің оқу және ғылыми-зерттеу мекемелері.